

**«Инженерлік графика және қолданбалы механика»
кафедрасының кешенді есебі»
мәселесі бойынша
08.01.2014 ж. № 4 АЭЖБУ Ғылыми кеңесінің**

ҚАУЛЫСЫ

«Инженерлік графика және қолданбалы механика» (ИГжҚМ) кафедра меңгерушісі Иванов К.С. есептік баяндамасын және кешенді тексеріс бойынша комиссия мүшесі ИК кафедрасының доценті Федоренко И.А. анықтамасын талқылап және тыңдап, Ғылыми кеңес кафедра бакалавриаттың барлық мамандықтары мен магистратураның бір мамандығында (5В071700 – Жылу энергетикасы) жалпы техникалық негізгі пәндерді оқыту мен ұйымдастыру бойынша үлкен жұмыс жасайтынын хабарлайды.

Кафедраның кадрлық құрамы толығымен қамтылған, жалпы оқытушылар құрамы 77 % штаттық ОПК құрайды. Оның ішінде 2 доктор және 4 ғылым кандидаты. Ғылыми дәрежелі ОПК пайызы – 54 %, ОПК штаттық ішінде дәрежелену - 64 % құрайды. Кафедраның екі оқытушысы PhD докторантурада оқиды, біреуі Кассино университетінде (Италия) бір жылдық ғылыми өтілден өтті.

Кафедраның әдістемелік қамтылуы жоғары. Бакалавриаттың барлық пәндері бойынша барлық мамандықтарға ПОӘК бар, орыс және мемлекеттік тілдерде оқу бағдарламалары мен силлабустер әзірленген. Соңғы үш жылда кафедра ОПК 26 оқу-әдістемелік әзірлемелер, оның ішінде 2 оқулық қазақ тілінде, 2 оқу құралы, 2 дәрістер жинағы, 20 әдістемелік нұсқаулар шығарылды.

Кафедрада 32 компьютер бар, олар компьютер кластарында және оқытушылар бөлмесінде орнатылған. Компьютерлер зертханалық жұмыстарды, курстық жұмыстарды және ЕСЖ орындауда қолданылады.

Кафедраның ғылыми жұмыстары ғылым докторлары Иванов К.С. пен Тойбаев С.Н. жетекшілігімен жүргізіледі. Есептік кезеңде 97 ғылыми жұмыс басылды, оның ішінде ҚР, Ресей және Германияның 11 инновациялық патенті алынды.

Осыған қоса Ғылыми кеңес ИГжҚМ кафедра жұмысындағы келесі кемшіліктерді атайды:

1. «Компьютерлік сызу мен 3D модельдеу негіздері» пәні бойынша бірінші есептеу-сызба жұмысына әдістемелік нұсқау жоқ.

2. Силлабуста көрсетілген міндетті тапсырмалардан басқа оқытушылар пән бағдарламасымен қарастырылмаған қосымша тапсырмалар береді.

3. Тексеріс кезінде магистратураның «Энергожүйелердің энергожабдықтарын АЖЖЖ және құрастыру» пәні ПОӘК-де дәрістер жинағы мен курстық және зертханалық жұмыстар үшін әдістемелік нұсқаулар жоқ болды. Комиссияға ұсынылған әдістемелік нұсқаулар түрлі жұмыс бойынша 2003, 2006 және 2008 жылмен белгіленген және, магистранттарға емес студенттерге арналған.

4. «Жылу энергетикасы» мамандығы үшін қазақ тілінде курстық жұмысты орындауға әдістемелік нұсқау жоқ, орыс тіліндегі 2003 ж. әдістемелік нұсқау пайдаланылады.

5. 2001 жылы кафедра сатып алған «Кобра» бағдарламалық қамтуы әлі күнге дейін оқу үдерісінде қолданылмаған.

6. Кафедраның ғылыми әзірлемелерінің оқу үдерісінде ауқымды енгізулері табылмаған.

Ғылыми кеңес қаулы етеді:

1. ИГжҚМ кафедрасының есеп беру мерзімі ішіндегі жұмысы **қанағаттанарлық** деп танылсын.

2. Студенттердің ағымдағы білімдерін бақылау формасы пән бағдарламасы мен силлабустарына сәйкес келтірілсін.

**Жауапты - ИГжҚМ кафедра
меңгерушісі Иванов К.С.
Мерзімі: 27.01.2014 ж.**

3. ПОӘК мазмұны бойынша тексеру барысында анықталған кемшіліктері жойылсын.

**Жауапты - ИГжҚМ кафедра
меңгерушісі Иванов К.С.
Мерзімі: 24.05.2014 ж.**

4. Кафедрадағы бағдарламалық қамтуды оқу және зерттеу жұмыстарында толық пайдалану шаралары алынсын.

**Жауапты - ИГжҚМ кафедра
меңгерушісі Иванов К.С.
Мерзімі: 24.05.2014 ж.**

5. Осы қаулының орындалуын бақылау ОӘЖ проректоры Коньшин С.В. жүктелсін.

Төраға



Г.Ж. Даукеев

Ғылыми хатшы



Г.Д. Манапова